

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Төлеби ауданы Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 15 "Бірінші Мамыр ауылдық округі Зағамбар елді мекені Әл-Фараби көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Төлеби ауданының Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 қазандағы № 56 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 қазанда № 24956 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы Төлеби ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 20 мамырдағы № 08-02-07/172 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Төлеби ауданы Бірінші Мамыр ауылдық округінің Зағамбар елді мекенінің Әл-Фараби көшесінде бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Түркістан облысы Төлеби ауданы Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 15 "Шектеу шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6105 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі*

*Х. Аширбеков*